

«КЕЛІСЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректор өкілі,
доктор профессор


Пеями Баттал
« 22 » 12 2023 жыл

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры



Ж. Темірбекова
« 22 » 12 2023 жыл

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-025-2023

*Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде
ұйымдарды айқындау*

Е Р Е Ж Е С І

АЛҒЫ СӨЗ

1. Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығымен
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер
 - Академиялық департамент директоры А. Бостанова
 - Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы С. Мухиддинова
 - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Е. Шахабаев
3. Келісілді
 - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э. Идрисова
 - Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Мустафа Нұрсой
 - Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А. Ошибаева
 - Түркістан облысы білім басқармасының Білім беруді дамыту орталығы директоры Б. Төлімбет
 - Заң бөлімінің басшысы Г. Мусаханов
4. ЕНГІЗІЛДІ - 2023 ж.
5. Тексерілу мерзімі - 2025 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан - 2023



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 2-ші беті

МАЗМҰНЫ

1.	Қолданылу саласы	3
2.	Нормативтік сілтемелер	3
3.	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	4
4.	Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5.	Жалпы ережелер	5
6.	Кәсіптік практика базасы ретінде ұйымды айқындау тәртібі мен бағдарламалары	7
7.	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар	10
8.	Педагогикалық практиканы ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар	12
9.	Дипломалды практикасын ұйымдастыруға қойылатын талаптар	21
10.	Кәсіптік практиканы қорытындылауға қойылатын талаптар	21
11.	Білім алушылардың міндеттері мен құқығы	22
12.	Жауапкершілік	23
13.	Келісу, сақтау және тарату	23
14.	Өзгерістерді ендіру тәртібі	23
15.	Қосымшалар (1-6)	24
16.	Танысу парағы	34
17.	Өзгерістерді тіркеу парағы	35

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 3-ші беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университет) білім алушыларға кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындауға қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Бұл ереже университетте білім алушыларға кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындауға қойылатын талаптарды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесі, білім алушыларға кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындауға қойылатын талаптар кадрлар даярлауды жүзеге асыратын құрылымдарда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ-ХҚТУ-025-2023 ережесі университет СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған;
- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;
- «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 наурыздағы № 125 бұйрығына қосымшасы;
- «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы;
- «Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 4-ші беті

жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығы;

- Университет Жарғысы;
- Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және жоғары білім беру бағдарламаларында қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі;
- Дуальды оқыту бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі;

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл Ережеде пайдаланған терминдер, анықтамалар және қысқартулар тізбесі:

Университет	- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
ЖЖОКБҰ	- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;
УЕ	- Университет ережесі;
СМЖ	- Сапа менеджмент жүйесі;
СРСО	- Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы;
АД	- Академиялық департамент;
НОЖ	- Негізгі оқу жоспары;
ЖОЖ	- Білім алушының нақты білім алу траекториясын көрсететін, өзі тіркелген оқу пәндері мен кредиттердің саны көрсетілген академиялық кезеңге арнап өзі жасайтын жеке оқу жоспары;
ТТЕ	- Түркі тілдес елдер;
ББ	- Білім беру бағдарламасы;
Практика	- Кәсіптік практика;
БА	- Білім алушы (студент, магистрант, докторант).

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 УЕ университет Сенаты мәжілісінде бекітіледі.

4.2 Университеттің осы ережеде көрсетілген талаптардың енгізілуіне Академиялық мәселелер вице-ректоры, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры жауапты болып табылады.

4.3 Осы ереже алғашқы ресми бекітілген күнінен кейін күнтізбелік бес күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4.4 Бекітілген ереже қолданушылардың назарына, «Танысу парағына» қол қойыла отырып, жеткізу жауапкершілігі факультет декандарына жүктеледі.

4.5 Осы ереже талаптарын нормативті құжаттарға және регламенттеуші талаптарға сәйкестендіру жауапкершілігі Академиялық департамент басшысына жүктеледі. Осы ереже университеттің сапа менеджменті жүйесі бойынша басқару жауапкершілігі СРСО басшысына жүктеледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-025-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 5-ші беті

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Жалпы ережелер – Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша

5.1.1 Университетте білім алушылардың кәсіптік практикасы – жоғары білікті кадрларды даярлаудың білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады және олар кәсіпорындарда, ғылыми-зерттеу институттарында, мекемелер мен ұйымдарда, бала-бақша мен мектептерде және университетте өткізіледі.

5.1.2 Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны білім беру бағдарламамен айқындалады. Білім беру бағдарламаларға (даярлау бағыттары мен деңгейлеріне) байланысты кәсіптік практикалардың тиісті түрлері өткізіледі. Олар оқу, оқу-таныстыру (далалық, экскурсиялық), педагогикалық (үздіксіз педагогикалық), өндірістік-педагогикалық, өндірістік, дипломалды және зерттеу болып бөлінеді.

5.1.2.1 Практиканың ұзақтығы 30 сағатқа тең апта ішінде (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағат) практикадағы білім алушының нормативтік жұмыс уақытына қарай аптамен анықталады.

5.1.2.2 Оқу және оқу-таныстыру практикасы білім берудің барлық бағдарламалары мен бағыттары шеңберінде өткізіледі. Оқу және оқу-таныстыру практикасының мақсаты – білім алушыларды практика базасы қызметінің бағыттарымен, болашақ кәсіби қызметінің функцияларымен таныстыру, кәсіби мәселелерді шешу саласындағы бакалаврлардың құзыреттілігін қалыптастыру.

5.1.2.3 1-курстың оқу практикасы оқу шеберханаларында, зертханаларда, полигондарда, тәжірибелік шаруашылықтарда және университет пен оның басқа оқу-қосалқы бөлімдерінде, сондай-ақ мектептерде, кәсіпорындарда, ғылыми-зерттеу институттарында, ұйымдар мен мекемелерде ұйымдастырылады.

5.1.2.4 Педагогикалық практиканың мақсаты – жалпы ғылыми, мәдениет, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білім алушылардың білімін тереңдету, теориялық білім негізінде педагогикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастыру. Педагогикалық практика академиялық кезеңмен қатар семестрде үздіксіз 15 апта бойына ұйымдастыру қарастырылады.

5.1.2.5 Өндірістік және өндірістік-педагогикалық практикалар білім беру бағдарламаларының білім алушылары үшін теориялық оқыту толық аяқталғаннан кейін ұйымдастырылады. Өндірістік практиканың мақсаты – білім беру бағдарламасына сәйкес кәсіптік практика қалыптастыру, сонымен қатар бітіруші курста білім алушылар диплом жұмысының тақырыбы бойынша материалдарын жинақтайды.

5.1.2.6 Бітіруші курстарда өндірістік-педагогикалық, өндірістік және дипломалды практикалар негізгі оқу үдерісінен тыс уақытта ұйымдастырылады.

5.1.2.7 Дипломалды практикасы бітіруші курстарда теориялық оқыту толық аяқталғаннан кейін ұйымдастырылады. Дипломалды практика бойынша басшылықты әдеттегідей дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі жүзеге асырады.

5.1.3 Білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыру 4 кезеңнен тұрады: дайындық, пропедевтикалық, қалыптастыру және қорытындылау. Олардың әрқайсысы білім алушының кәсіптік шеберлігін қалыптастырудағы кәсіби қызметтің практикалық дайындығының ерекше тапсырмаларын жүзеге асырады.

5.1.4 Дайындық кезеңі – практиканы өткізу бойынша кешенді жұмыс оқу бағдарламасы мен әдістемелік нұсқауларды даярлау және бекіту, практика өткізу үшін базалық келісім-шарттар жасау, практика базаларын анықтау және олар бойынша студенттерді бөлу, бұйрық дайындау үшін ұсыныстарды даярлау, ұйымдастыру конференцияларын өткізу.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-025-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 6-ші беті

5.1.5 Пропедевтикалық (таныстыру) кезең – практика базасымен және оның құрылымымен, практиканы жүзеге асыру үшін қажетті әкімшілік және нормативтік құжаттармен, ішкі тәртіп ережелері мен негізгі әдістерімен, мекеменің жұмыс бағыттары және принциптерімен, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және кәсіптік санитария ережелерімен студенттерді таныстыру болып табылады.

5.1.6 Қалыптастырушы кезең – кәсіптік функциялардың бекітілген бағдарламаларын тікелей жүзеге асыру. Практикалық және зерттеу тапсырмалары жүйесін орындау, есеп беру құжаттарын жүргізу, кәсіптік шеберлік пен дағдыларды қалыптастыру, теориялық білімдерін практикалық жұмыстарда бекіту.

5.1.7 Қорытындылау кезеңі – практикалық қызметтің нәтижелерін рәсімдеу: есеп жазу, күнделіктерді және практиканттардың есеп беру құжаттарының басқа түрлерін бекіту, университет және(немесе) практика базасы бойынша практика жетекшісінің студенттің практикалық қызметін балмен бағалаған пікірі, кафедра меңгерушісінің өкімімен тағайындалған комиссияның алдында есеп қорғау, практика бағдарламасының орындалуы сарапталған қорытынды конференция өткізу.

5.1.8 Білім алушыны кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жіберу өту мерзімдерін, практиканың базасы мен жетекшісін көрсете отырып, жоғары оқу орны басшысының бұйрығымен ресімделеді.

Бұл ретте білім алушыға осы ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жолдама беріледі.

5.1.9 Білім алушылардың кәсіптік практикасы университеттегі оқу барысында алған білімдерін бекітуге, алдыңғы қатарлы тәжірибені меңгеруге бағытталады. Практикада білім алу үдерісінде білім алушылар кәсіптік және ұйымдастырушылық тәжірибені меңгеруге міндетті.

5.1.10 Практика оқу пәніне тең баламалы білім беру үдерісінің негізгі элементтерінің бірі болып саналады және білім алушының оқу траекториясына енеді.

5.1.11 Педагогикалық практикаға кететін шығындарды университет қарастырады.

5.1.12 Педагогикалық практикаға білім беру ұйымынан жетекшілік жасаған қызметкерлерге төленетін еңбек ақы университетте бекітілген сметаға сәйкес төленеді.

5.1.13 Кәсіптік практика кезінде білім алушының стипендия алу құқығы сақталады.

5.1.14 Ерекше білім берудегі кәсіптік практиканы ұйымдастыруда психологиялық-педагогикалық қолдау бұл әрбір білім алушының мүмкіндігі мен қажетіне қарай әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдай жасалады.

5.2 Жалпы ережелер – Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша

5.2.1 Университетте магистранттар, резиденттер мен докторанттардың кәсіптік практикасы – жоғары білікті мамандарды даярлаудың маңызды бөлігі болып табылады және олар кәсіпорындарда, ғылыми-зерттеу институттарында, мекемелер мен ұйымдарда, университетте ұйымдастырылады.

5.2.2 Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны стандарттармен, оқу жұмыс жоспарлары және бағдарламалармен айқындалады. Білім беру бағдарламаларына (даярлау бағыттарына) байланысты кәсіптік практиканың педагогикалық, зерттеу және өндірістік түрлері өткізіледі.

5.2.3 Білім алушылардың кәсіптік практикасы университеттегі оқу барысында алған білімдерін бекітуге, алдыңғы қатарлы тәжірибені меңгеруге бағытталады. Өндірістік білім алу үдерісінде білім алушылар кәсіби және ұйымдастырушылық тәжірибені меңгеруге міндетті. Білім алушыны кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жіберу өту мерзімдерін, практиканың базасы мен жетекшісін көрсете отырып, жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 7-ші беті

5.2.4 Кәсіптік практика техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша кәсіби қызметтің барлық түрлерінен білім алушылардың жан-жақты дамуы, жалпы және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруы, сондай-ақ білім алушылардың білім беру бағдарламалары бойынша қажетті дағдылар мен практикалық тәжірибе алмасуы, тәуелсіз ғылыми-зерттеу жұмысының дағдыларын дамытуға бағытталған.

5.2.5 Магистранттар, резиденттер мен докторанттарға кәсіптік практиканы өткізу үшін база ретінде кәсіптік практикаға жетекшілік етуге білікті кадрлары мен материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін ұйымдар айқындалады.

5.2.6 Практиканың ұзақтығы 30 сағатқа тең апта ішінде (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағат) практикадағы білім алушының нормативтік жұмыс уақытына қарай аптамен анықталады.

5.2.7 Ғылыми-педагогикалық магистратураның және докторантураның білім беру бағдарламасы теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде жүргізілуі мүмкін практиканың екі түрін қамтиды:

- 1) БП циклінде педагогикалық – университетте;
- 2) бейіндеуші пәндер циклінде зерттеу – диссертация орындалған жерде.

5.2.8 Педагогикалық практика оқыту мен оқу әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Бұл ретте университет қалауы бойынша магистранттар бакалавриатта, докторанттар магистратура мен бакалавриатта сабақ етуге тартылады.

5.2.9 Магистранттар мен докторанттардың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның ең жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің, экспериментті деректерді өңдеудің және түсінік берудің қазіргі заманғы әдістерімен танысу мақсатында ұйымдастырылады. Зерттеу практикасының мазмұны магистрлік диссертация (жоба) және докторлық диссертациялар тақырыбымен анықталады. Зерттеу практикасына басшылықты магистрлік диссертация (жоба) және докторлық диссертация жұмыстарының ғылыми жетекшілері жүзеге асырады.

5.2.10 Бейінді магистратураның білім беру бағдарламасы бейіндеуші пәндер циклінде өндірістік практиканы қамтиды.

Магистранттың, резиденттің өндірістік практикасы оқу процесінде жинаған теориялық білімдерін бекіту, дағдыларды, құзыреттер мен оқыған білім беру бағдарламасы бойынша практикалық кәсіби қызмет тәжірибесін алу, сондай-ақ озық тәжірибені меңгеру мақсатында өткізіледі.

6. КӘСІПТІК ПРАКТИКА БАЗАСЫ РЕТІНДЕ ҰЙЫМДАРДЫ АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ МЕН БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

6.1 Кәсіптік практика базасы ретінде ұйымды айқындау тәртібі мен бағдарламалары - Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша

6.1.1 Білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізу үшін база ретінде кәсіптік практикаға жетекшілік ету үшін білікті кадрлары мен материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар айқындалады.

6.1.2 Кәсіптік практиканың базасы ретінде айқындалған ұйыммен университетте білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізуге арналған үлгілік шарттың нысаны негізінде құрастырылған кәсіптік практика түрі көрсетілген, оны өткізу туралы келісім-шарт жасалады.

Кәсіптік практиканың базалармен осы ережедегі 1-қосымша және 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша келісім-шарттары практика басталардың алдында бір айдан кеш емес мерзімде жасалады.

Түркия Республикасы және түркі тілдес республикалар мен қауымдастықтардан келген білім алушылар өз елдерінде кәсіптік практикадан өтетін жағдайда мекемеден, ұйымнан,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-025-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 8-ші беті

кәсіпорыннан осы ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қатынас хат негізінде жүзеге асырылады. Өндірістік қажеттілікке байланысты университеттің құрылымдық бөлімдерінде кәсіптік практикадан өту қарастырылады, бұл ретте университет басшысына жазылған қызметтік хат негізінде жүзеге асырылады.

6.1.3 Шартта университеттің, кәсіптік практиканың базасы болып табылатын кәсіпорынның (мекеменің, ұйымның) және білім алушылардың міндеттері мен жауапкершілігі айқындалады.

6.1.4 Кәсіптік практиканы өткізу үшін университет практика базасымен келісілген бағдарламаны, кәсіптік практикадан өтудің жұмыс жоспар-кестесін бекітеді.

Кәсіптік практиканы өтуге жолдау кезінде білім алушыға осы ереженің 4-қосымшадағы жолдамамен, 5-қосымшадағы кәсіптік практиканың жұмыс жоспар-кестесі және 6-қосымша нысандары бойынша кәсіптік практикадан өтуі туралы күнделік-есебі беріледі. Кәсіптік практика бағдарламасын, жолдамасы мен жоспар-кестесін факультет деканы бекітеді.

6.1.5 Кәсіптік практиканың түрлері бойынша білім алушыларға университеттен және практика базасынан – кәсіпорыннан (мекемеден, ұйымнан) жетекшілер тағайындалады.

6.1.6 Практика жетекшілерінің қызметтерін, міндеттері мен жауапкершілігін университет және практика базасы – кәсіпорын (мекеме, ұйым) келісім бойынша дербес айқындайды.

6.1.7 Педагогикалық ғылымдар білім беру саласының педагогикалық практикасына өндірістен бекітілген жетекшілерге, практика өту мерзімінде университет білім алушыларына педагогикалық практикаға жетекшілігі үшін, еңбек ақысы университетте бекітілген сметаға сәйкес төленеді.

6.1.8 Мекемеде өндірістік қажеттілік болған жағдайда практикант-білім алушы белгілі бір лауазымға оларға еңбек ақысын төлей отырып, уақытша жұмысқа қабылдана алады.

6.1.9 Кәсіптік практиканың базасы болып табылатын ұйым кәсіптік практиканың бағдарламасына сәйкес оны өту үшін білім алушыларға орын береді және білім алушылардың жұмыс орнында қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

6.1.10 Практика базасы болған ұйым білім алушылармен кәсіптік практиканы өту кезінде болатын қайғылы оқиғаларға Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес толық жауапты болады.

6.1.11 Кәсіптік практика бағдарламасын білім беру бағдарламасының саласы мен түріне сәйкес практика базалары ретінде айқындалған кәсіпорындармен (мекемелермен, ұйымдармен) келісе отырып, білім беру бағдарламасына жауапты, кадрларды даярлаушы кафедрадан кәсіптік практика жетекшісі әзірлейді.

6.1.12 Кәсіптік практиканың бағдарламасы өз мазмұны бойынша білім беру бағдарламасының бейінін, практика түрінің ерекшелігін, кәсіби стандарттардың және білім беру бағдарламасының талаптарын, құзыреттерін, оқыту нәтижелерін және практика нысанының сипатын көрсетеді.

Кәсіптік практиканың бағдарламасы мерзімді жаңартылады және ғылым мен техниканың заманауи жетістіктерін, практика базасында қолданылатын инновациялық технологияларды (бар болған жағдайда) қамтып көрсетеді. Кәсіптік практиканың бағдарламасын жаңарту және қайта бекіту тетігі СМЖ-не сәйкес жүргізіледі.

6.1.13 Практика бағдарламасында білім алушының кәсіптік практиканы ойдағыдай өтуіне қажетті пререквизиттер, яғни базалық теориялық курстардың тізімі көрсетіледі.

6.1.14 Әрбір білім алушы кәсіптік практикаға арналған бағдарлама, жолдама мен жұмыс жоспары және күнделікпен қамтамасыз етілуі тиіс.

Практика бағдарламасы мыналарды қамтуы қажет:

- білім алушылардың жеке тапсырмаларын орындау мерзімдері мен мазмұны, практиканың ұзақтығы мен негізгі бағыты;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 9-ші беті

- білім алушылардың кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың тиімді ұсыныс жасау және өнертапқыштық жұмыстарына, практика орнындағы инновациялық үдерістерге қатысуы;

- экскурсиялардың жобаланған мазмұны мен өткізу мерзімдері;

- білім алушыға кәсіптік практика нәтижесін қорытындылау мен практика есебін дайындау үлгісі;

- практика есебін қорғау мен оны бағалау тәртібінде (критерийлері) білім беру бағдарламасында жоспарланған игерілетін оқыту нәтижелері (ОН) қамтылады.

6.1.15 Үздіксіз педагогикалық практика бағдарламалары мен ұйымдастырылу мазмұны:

- пәндік сала мен кәсіпті білу мен түсіну;

- практикада білімді қолдану қабілеттілігі;

- жеке тұлғаның білім алу қажеттілігін, жетістіктері мен даму деңгейін диагностикалау мен бағалау қабілеттілігі;

- заманауи әлеуметтік мәдени жағдайлар мен жеке тұлға дамуының деңгейі есебінен білім беру үдерісін жоспарлау мен жүзеге асыру қабілеттілігі;

- кәсіптік іс-әрекеттерде білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздерін пайдалану қабілеттілігі;

- этикалық нормаларға сәйкес әрекет ету қабілеттілігі;

- құзыреттерін қалыптастыратындай болуы қажет.

6.1.16 Педагогикалық практика бағдарламасы білім алушыларда кәсіби мәнді іскерліктерді меңгеруге және түйінді құзыреттерді қалыптастыруға бағытталуы қажет:

- оқу және тәрбие үдерісінің негізгі құраушыларын жоспарлау, болжау, талдау;

- дидактикалық мақсаттар мен міндеттерге сәйкес оқыту әдістері мен құралдарын қолдану деңгейін айқындау;

- оқушылардың оқу-танымдық, еңбек, қоғамдық, табиғатты қорғау, денсаулық сақтау, ойындық және басқа да іс-әрекет түрлерін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың әртүрлі әдістері мен формаларын пайдалану;

- оқушылардың даму ерекшеліктеріне сәйкес оқу және тәрбие жұмыстарын олардың жеке даралық тұғыр тұрғысынан жүзеге асыру;

- педагогикалық үдеріс жағдайына педагогикалық диагностикалауды өткізу;

- оқушылардың, педагогтар мен өзінің жеке іс-әрекеті нәтижелерін бағалау.

6.1.17 Кәсіптік практиканы өткізуге база ретінде айқындалған ұйымдарға баратын білім алушылар саны практикаға жетекшілік ету үшін білікті кадрлары мен материалдық-техникалық базасына сәйкестігімен анықталады.

6.2 Практика базасы ретінде ұйымды айқындау тәртібі мен бағдарламалары - Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша

6.2.1 Магистранттар, резиденттер мен докторанттардың кәсіптік практика бағдарламаларын білім беру бағдарламасы саласына және түріне сәйкес кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның – практика объектілерінің сипатын, практикадан өтетін орындардың ерекшеліктерін ескере отырып практикаға жауапты кафедралар әзірлейді және факультет деканы бекітеді.

6.2.2 Университет магистранттар, резиденттер мен докторанттардың кәсіптік практика өткізу базасы болып табылатын кәсіпорындарды, ғылыми-зерттеу институттарды, мекемелерді, ұйымдарды келісім-шарт негізінде белгілейді, олармен кәсіптік практика бағдарламалары және жұмыс жоспар-кестелері туралы келіседі.

Сонымен бірге келісімдерде жоғары оқу орындарының, практика базасы болып табылатын ұйымдар мен кәсіпорындардың және білім алушылардың міндеттері белгіленеді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 10-ші беті

6.2.3 Бағдарлама мазмұнына мақсат ретінде практика базаларымен таныстыруда қоятын экскурсиялар, тақырыптық көрмелер және басқа іс-шаралар кіруі мүмкін және тараптардың келісімі бойынша өткізіледі.

6.2.4 Жоспарланатын экскурсияларда практика түріне байланысты тақырыбын, оның ұзақтылығын, өткізу мақсаты мен міндеттерін көрсету қажет.

6.2.5 Практиканы өткізу базасында материалды-техникалық қамтамасыздық қажет: зертханалар, арнайы жабдықталған кабинеттер, өндірістік, ғылыми-зерттеу құралдары, өлшемдік және есептеу кешендері, санитарлық және өртке қарсы нормаларға, сонымен қатар оқу және ғылыми-өндірістік жұмыстарды өткізу кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкес келетін болу керек.

7. КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1 Оқу, оқу-таныстыру (далалық, экскурсиялық), өндірістік, диплом алды және зерттеу практикалар білім беру бағдарламаларының негізінде ұйымдастырылады.

7.2 Оқу, өндірістік практикалар теориялық оқу үдерісінен тыс уақытта өткізіледі.

7.3 Өндірістік және зерттеу практикалар университетпен келісім-шарт жасалған кәсіпорындарда, мекемелерде, ғылыми-зерттеу институттарында, мектептерде, отандық, шетелдік университеттерде және университетіміздің құрылымдық бөлімдерінде өткізіледі.

7.4 Оқу практикасы барлық бакалавриат даярлау бағытының 1-курс білім алушылары үшін өткізіледі. Оқу және оқу-таныстыру практикасының мақсаты – білім алушыларды практика базасы қызметінің бағыттарымен, болашақ кәсіби қызметінің функцияларымен таныстыру.

Оқу практикасының негізгі міндеттері:

- 1) білім беру бағдарламаларымен танысу;
- 2) болашақ кәсіптің объектісі болып табылатын ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысу;
- 3) болашақ кәсіптік қызметінің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерделеу;
- 4) іскерлік хат алмасуды зерделеу және іс қағаздарын жүргізу;
- 5) еңбек ұжымында жұмыс жасау дағдыларын игеру болып табылады.

7.5 Оқу (танысу) практикасы болашақ кәсіптік қызметінің нысаны болып табылатын ұйымда танысу экскурсияларын қамти отырып жоғары оқу орындарында өткізіледі.

Оқу практикасы аяқталғаннан соң білім алушыларға олардың практика кезінде жұмысы бойынша ағымдағы бақылаудың негізінде баға қойылады.

7.6 Оқу практикасы білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын арнайы кафедраға бекітіледі.

7.7 Оқу практикасының бағдарламасы білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленеді.

7.8 Білім беру бағдарламаларының ерекшелігіне байланысты оқу практикасы кезінде практиканың далада өтетін, далалық, экскурсиялық және тағы басқа түрлерін ұйымдастыруға болады. Бұл практика түрлерінің мақсаты білім алушыларда кәсіби міндеттерді дамытуды толықтыратын және тиісті құзыреттерін қалыптастыру болып табылады. Кәсіптік практиканың бағдарламаларын білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлаушы кафедралар әзірлейді.

7.9 Кәсіптік практикаға теориялық және базалық пәндерді толығымен меңгерген білім алушылар жіберіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 11-ші беті

7.10 Білім алушыны кәсіптік практикаға жіберу туралы ұсынысты практика жетекшісі және кафедра меңгерушісі келісім-шарттармен білім алушылардың практикадан өтуге рұқсат етілген мекемелер бойынша анықтайды.

7.11 Білім алушылар практикадан өту барысында университетте таңдаған білім беру бағдарламасының саласына байланысты нақты кәсіпорынның, ғылыми-зерттеу мекемелерінің, ұйымдардың нақты жағдайымен танысады:

7.12 өндіріс технологиясы;

1) өндірісті ұйымдастыру мен басқару, оның экономикасы, өнім сапасын бақылау және стандарттау, еңбек өнімділігі мен тиімділігін көтеру резервтерін айқындау шаралары;

2) жабдықтар, аппаратуралар, есептеу техникасы, бақылау-өлшеу аспаптары мен құрал-саймандары, өндірістік үдерістерді автоматтандыру;

3) мектептердің, прокуратураның, мәдениет мекемелерінің және т.б. жұмысы;

4) инженерлердің, мұғалімдердің, заңгерлердің, экономистердің және т.б. озат тәжірибелері;

5) еңбек қорғау мен гигиена, физиология, психология, экология салаларында жүргізілетін зерттеулердің нәтижелері;

6) ғылыми-зерттеу, жобалау-құрастыру, тиімді ұсыныс жасау және өнертапқыштық жұмыстарды ұйымдастыру;

7) еңбек қауіпсіздігі мен еңбек мәдениеті жағдайларын жасау және қамтамасыз ету.

7.13 Практикаға оқу-әдістемелік жетекшілік жоспарларын, бағдарламасын дайындауды және оны жоғары сапада ұйымдастыруды, өткізуді тиісті кадрларды даярлаушы кафедралар жүзеге асырады.

7.14 Университет:

1) практика базасы болып бекітілген кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен, мектептермен алдағы күнтізбелік немесе оқу жылға (жылдарға) келісім-шарт жасайды және кәсіптік практиканың бағдарламасы мен жұмыс жоспар-кестесін дайындайды;

2) практика жетекшісі ретінде білім беру бағдарламасының ерекшелігін және база қызметін жақсы білетін тәжірибелі профессорлар, доценттер, оқытушылар тағайындалады;

3) жетекшілер практика өтетін кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды, сондай-ақ практикадан өтуші білім алушыларды бағдарламамен қамтамасыз етеді;

4) білім алушылардың практикасын ұйымдастыру мен өткізу, оның мерзімі мен мазмұнын сақтауға бақылауды жүзеге асырады;

5) практикаға жіберілетін білім алушылардың оқу жылындағы дәрігерлік тексеру құжаты жарамды болып табылады.

7.15 Университеттен тағайындалған жетекші:

1) практика басталмас бұрын білім алушылардың қажетті дайындықтарын ұйымдастырады;

2) білім алушыларға оқу жоспары мен бағдарламасына сәйкес кеңестер өткізеді;

3) кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың білім алушыларға еңбек және тұрмыс жағдайларын қамтамасыз етуіне, оларға еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі бойынша міндетті нұсқау беруіне, ішкі еңбек тәртіп ережелерін орындауына бақылауды жүзеге асырады;

4) білім алушылардың кәсіптік практика есептерін тексеріп, қорғауға дайындығын жетілдіруге байланысты ұсыныстар және ескертулер, практиканың өтуі мен қорытындысы бойынша жазбаша есеп береді;

5) практика бойынша есеп қабылдау комиссиясының жұмысына және білім алушылардың өндірістік кәсіптік практика бойынша ұйымдастыру, жабылу мен қорытынды есеп беру конференцияларын ұйымдастырып, дайындауға қатысады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 12-ші беті

7.16 Кәсіптік практика базалары болып табылатын кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және мектептер:

- 1) білім алушылардың практикасын келісім-шарт негізінде ұйымдастырып өткізеді;
- 2) білім алушыларға бағдарламаға сәйкес практика өтетін орындар бөледі;
- 3) білім алушылардың білім беру бағдарламаларына сәйкес практика өту кезеңінде білім, құқық, технология, өндіріс экономикасы және ұйымдастыру мен басқару, еңбекті ғылыми ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу, жобалау-құрастыру жұмыстарын ұйымдастыру және басқа салалар бойынша білім алуға қажетті жағдайлар жасайды;
- 4) білім алушыларға қолда бар әдебиеттерді, техникалық және басқа құжаттарды, сондай-ақ қажетті жағдайда көбейту техникасын қолдану (егер бұл келісім шартта қарастырылса) мүмкіндігі беріледі;
- 5) дипломдық жұмыстарға (жобаларға), магистрлік және докторлық диссертацияларға материал іріктеуге көмектеседі;
- 6) еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігіне байланысты міндетті нұсқаулар жүргізеді: кіріспе нұсқау және жұмыс орнында белгіленген құжаттарды толтыру арқылы жүргізілетін нұсқау, қажетті жағдайда жұмыстың қауіпсіздігіне байланысты оқу жүргізеді;
- 7) білім алушылардың осы кәсіпорында, мекемеде, ұйымда, белгіленген ішкі еңбек тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз етеді;
- 8) өндірістік қажеттілікке байланысты неғұрлым дайындығы жақсы білім алушы-практиканттарды мекемеде анықталған тариф бойынша ақы төлеп, уақытша жұмысқа алады.

7.17 Кәсіпорын тарапынан тағайындалған жетекші білім алушылардың бекітілген жұмыс жоспар-кестелеріне сәйкес күнделіктерін жүргізуін қадағалайды, тапсырмаларды орындағаны туралы қол қойып растайды, білім алушылардың есебін дайындауын бақылайды, оларға жеке тапсырмалар мен бағдарламаның орындалуы туралы күнделігіне деректері бар кәсіптік практика қорытынды береді.

7.18 Кәсіптік практиканы ұйымдастырудың нәтижесі білім беру бағдарламасына сәйкес кадрларды даярлау бағыты бойынша бітіру жылы ішінде түлектердің кемінде 50%-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

7.19 Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда кәсіптік практиканың түрлері бойынша қашықтықтан білім беру технологиясы негізінде онлайн режимінде ұйымдастырылады. Кәсіптік практика онлайн ұйымдастырылған жағдайда конференциялардың бейне жазбалары 1 (бір) жыл мерзімде кафедраның Google disk-сінде сақталуы тиіс.

8. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ ҮШІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

8.1 Жалпы ережелер

8.1.1 Педагогикалық практика теориялық оқыту нәтижелерін бекітуге, тәжірибелік дағдылар мен құзыреттіліктерді меңгеруге және инновациялық педагогикалық технологияларды игеруге бағытталған.

8.1.2 Педагогикалық практика білім беру бағдарламасының (бұдан әрі - ББ) міндетті компоненті болып табылады және бакалаврды кәсіби тұрғыдан даярлауды аяқтауды логикалық жағынан қамтамасыз етеді.

8.1.3 Педагогикалық практиканың әр түрі өз мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүргізіледі, соның негізінде практиканың мазмұны және кәсіптік практиканың тиісті базасы анықталады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 13-ші беті

8.1.4 Студенттердің педагогикалық практикасы академиялық күнтізбеге сәйкес өткізіледі. Педагогикалық практиканың барлық түрлеріне жетекшілікті құрылымдық бөлім жүргізеді.

8.1.5 Кадрларды сапалы даярлау мақсатында білім беру басқармалары органдарымен (астана, республикалық маңызы бар қалалар, облыстық білім беру басқармалары) келісілген практика базаларының желісі құрылады.

8.2 Педагогикалық практикаға қатысушылардың функциялары

8.2.1 Академиялық мәселелер жөніндегі вице-ректор (бұдан әрі – АЖ вице-ректор): практика базаларының желісін өлшемшарттарға сәйкес анықтайды; практика базалары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармасымен келіседі;

практиканы ұйымдастыру және өткізуді жүзеге асыратын құрылымдық бөлім арқылы практиканы ұйымдастыру және өткізу процесін тексереді;

университеттен бөлінген жетекшілердің практика базасына бару кестесін бекітеді.

8.2.2 Практиканы ұйымдастыру және өткізуді жүзеге асыратын құрылымдық бөлім:

практика бөлімі бойынша ББ оқу жоспарларының құрастырылуын тексереді;

ББ басшыларымен бірлесіп практика бөлімі бойынша академиялық күнтізбенің жобасын жасайды;

ББ бойынша кәсіби практиканың тиісті нормативтік құжаттамасының болуын қамтамасыз етеді;

тиісті өлшемшарттар бойынша ББ жетекшілерімен бірлесе отырып практика базалары тізімінің жобасын құрастырады;

практика бойынша бұйрықтардың уақытылы шығуын тексереді;

практиканы өткізу бойынша келісімдердің реестрін жүргізеді;

ББ-дан бөлінген практика жетекшілерінің жұмысын тексереді, анықталған кемшіліктер туралы АЖ вице-ректорын хабардар етеді;

практиканы ұйымдастыру жұмыстарын жетілдіру бойынша ұсыныстары көрсетілген, практиканы өткізу нәтижелері туралы жиынтық жылдық есепті жасайды;

ҚР ҒжЖБМ және басқа да ұйымдардың сұратуы бойынша практика туралы ақпарат дайындайды.

8.2.3 Кафедра меңгерушісі / ББ жетекшісі:

практика базаларын анықтау бойынша ұсыныстар енгізеді;

практика базаларымен байланыс орнатады, келісім-шарт жобаларын дайындайды;

ББ бойынша практиканың әр түріне бағдарламаларын және әдістемелік нұсқаулықтарын (бұдан әрі - ӘН) әзірлейді және факультет деканына бекітуге ұсынады;

студенттерді практикадан өту мерзімі мен есептерді қорғау жөнінде хабардар етеді;

практика жетекшілерінің қатысуымен практика мәселелері бойынша студенттердің жиналыстарын, практика бойынша ұйымдастыру (нұсқау беруші), жабылу және қорытынды конференцияларын ұйымдастырады;

студенттерді практика базалары бойынша бөледі;

практика жетекшісін анықтайды;

жетекшілердің практика базаларына бару кестелерін құрастырады;

практика барысын бақылауды жүзеге асырады;

практиканы өткізу нәтижелері бойынша есептерді және оны ұйымдастыруды жетілдіру туралы ұсыныстарын дайындайды;

практика базаларынан бөлінген жетекшілерге төлемақы төлеуге еңбек келісімдерін рәсімдейді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 14-ші беті

8.2.4 Университеттен бөлінген практика жетекшісі:

практика бойынша бағдарлама және ӘН әзірлеуге қатысады;

студенттермен бастапқы ұйымдастыру (нұсқау беруші), жабылу және қорытынды конференцияларын және қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау ережелерімен таныстыру жұмыстарын өткізеді;

практика басталғанға дейін студенттерді тиісті құжаттармен (әдістемелік нұсқаулық, практика бағдарламасы, жұмыс жоспар-кестесі, жолдамасы мен күнделігі) қамтамасыз етеді, бағалауға қойылатын талаптарды және есеп беру формасын айқындайды;

практиканың бірінші күнінде практикадан өту базасы әкімшілігінің студенттермен кездесуін ұйымдастырады;

машықкерлерге еңбек жағдайының ұйымдастырылуын, студенттермен қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалардың өткізілуін тексеруді жүзеге асырады;

практика базасы әкімшілігімен бірге студенттерді сыныптарға бөледі;

студенттердің жеке жұмыс жоспарларын қарап, бекітеді және олардың орындалуын қадағалайды, күнделіктерін тексереді, студенттердің сабақ жоспарларын бекітеді;

студенттердің практикадан өтуін, практика базасының ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтауын қадағалайды;

практика бағдарламасына сәйкес студенттердің практиканы сапалы өткізуін қамтамасыз етеді;

студенттерге практикадан өтуге байланысты барлық мәселелер бойынша кеңес береді және студенттерге жеке тапсырмаларды орындау және материалдарды жинау кезінде әдістемелік көмек көрсетеді;

студенттер өткізетін сабақтарға, сабақтан тыс, тәрбиелік іс-шараларға қатысады, оларды талдауға басшылық жасайды, талдау қорытындысын шығарады, әр сабаққа немесе сабақтан тыс іс-шараға белгі қояды;

университет автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - ААЖ) студенттің оқу процесін апта сайын бағалайды және студенттердің практика бойынша қорытынды есептеріне баға қойып, олардың жұмысы туралы пікірлерін береді;

практиканы өткізу және оның қорытындылары туралы жазбаша есепті, оны жетілдіру бойынша ескертулер мен ұсыныстармен бірге ұсынады;

кафедра меңгерішісін/білім беру бағдарламасының жетекшісін, деканды/директорды практика барысы бойынша хабарлар етеді.

8.2.5 Практика базасының жетекшісі/жетекшінің орынбасары:

жасалған келісім-шарт негізінде студенттердің кәсіптік практикасын ұйымдастырады және өткізеді;

практикадан өтудің университетпен келісілген күнтізбелік кестені сақтайды;

қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалар өткізеді;

студенттердің ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтауын қамтамасыз етеді;

педагогикалық практиканың бірінші күнінде студенттерді қарсы алады, оларды білім беру ұйымының құрылымымен, міндеттерімен, дәстүрлерімен, оқу-тәрбие жұмысымен, мұғалімдер құрамымен, білім беру ұйымының құжаттамасымен, оқу-материалдық базасымен, педагогикалық кеңестің, әдістемелік бірлестіктердің, ата-аналар комитетінің жұмысымен таныстырады;

практика мазмұнына байланысты практикадан өту кезінде студенттердің білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасайды, машықкерлерге білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасын пайдалануға мүмкіндік береді;

ментормен (тәлімгер/сынып жетекші) және университеттен бөлінген практика жетекшісімен бірлесіп студенттерді сыныптарға/топтарға бөледі;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 15-ші беті

машықкерлердің сабақтарына және сабақтан тыс шараларына қатысып талқылайды, студенттердің жұмысын бағалауға қатысады;

студенттердің ғылыми-педагогикалық зерттеулер жүргізуіне атсалысады; практикаға жетекшілік үшін төлемақы төлеуге регламенттелген құжаттарды уақытылы ұсынады.

8.2.6 Ментор (тәлімгер-сынып жетекшісі):

өзіне бекітілген студенттерді пән бойынша өзінің оқу-тәрбие (білім беру) жұмысының жоспарымен таныстырады, ашық сабақтар мен сабақтан тыс іс-шаралар өткізеді, оларды талқылауды ұйымдастырады;

студенттерге пән бойынша сабақтар мен сабақтан тыс жұмыстарды жоспарлау, дайындау және өткізуде әдістемелік көмек көрсетеді, оқытудың заманауи формалары мен әдістерін қолдануға ерекше көңіл бөледі;

сабаққа дайындық кезінде материалдарды таңдауға көмектеседі;

студенттердің оқу сабақтарын ұйымдастырудың әртүрлі формаларын (бейне-сабақтар, семинарлар, зертханалық жұмыстар, экскурсиялар, конференциялар), оқытудың тиімді әдістерін (іскерлік ойындар, пікір алмасу, оқытудың техникалық құралдарын, компьютерлерді, интернет желісін, демонстрациялық тәжірибелерін пайдалану) қолдануға ықпал етеді;

студенттер сабақты (іс-шараны) өткізер алдында оның қысқа мерзімді жоспарын тексеріп, қол қояды (тексерілген және бекітілген жоспарсыз студент сабаққа жіберілмейді);

студенттер өткізетін сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шараларға қатысады, оларды талқылауға қатысады;

студенттерге зерттеу сипатындағы өзіндік шығармашылық жұмыстарды орындауға көмек көрсетеді;

студенттердің қызметіне сипаттама береді және олардың оқу-тәжірибе жұмысына баға береді;

педагогикалық практика бойынша қорытынды конференцияға қатысады.

8.3 Педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

8.3.1 Педагогикалық практика әрбір курс бойынша оқудың барлық кезеңінде жүзеге асырылады және келесі практика түрлерін қамтиды:

- 1) оқу (танысу) практикасы (1-курс, көлемі 2 кредиттен кем емес, 60 сағат);
- 2) психологиялық-педагогикалық практика (2-курс, көлемі 2 кредиттен кем емес, 60 сағат);
- 3) педагогикалық практика (3-курс, көлемі 4-6 кредиттен кем емес, 120-180 сағат);
- 4) өндірістік-педагогикалық практика (4-курс, көлемі 8-10 кредиттен кем емес, 240-300 сағат).

8.3.2 Оқу (танысу) практикасы болашақ мамандықтың мәні мен мазмұнын түсінуге бағытталады.

Оқу (танысу) практикасының мақсаты студенттердің педагог мамандығына тұрақты қызығушылығы мен оң көзқарасын дамыту, студенттердің жалпы мәдени және кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады.

Оқу (танысу) практикасынан өту қорытындылары бойынша оқыту нәтижелері:

тәрбие жұмысын ұйымдастыруда пәнаралық құзыреттіліктерді (педагогика, психология, әдістеме және т.б. бойынша) қолдану;

тәрбие жұмысын жобалау, ұйымдастыру, талдау туралы түсініктерді дамыту;

мектептегі балалар ұйымдарымен (болған жағдайда), сынып/топтың оқушылар ұжымымен танысу негізінде педагог кәсібінің әлеуметтік маңыздылығын, пән

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 16-ші беті

мұғалім/тәрбиеші/куратор және сынып жетекшісі қызметінің ерекшеліктерін білу және түсіну;

эртүрлі типтегі білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие жұмысының қазіргі жағдайы және инклюзивті, көпмәдениетті тәсілдерді қолдану туралы толық түсініктің болуы;
білім беру ұйымы қызметінің құрылымын, мазмұнын және құжаттамасын білу;
«BilimClass» платформасымен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын қалыптастыру;

Оқушылардың дене дамуы, күн тәртібі, тамақтану тәртібі, сабақ кестесінің ерекшеліктерін түсіну;

есеп беру құжаттамасында тәрбие қызметін жобалау және талдау нәтижелерін көрсете алу.

8.3.3 Студенттердің психологиялық-педагогикалық практикасы білім алушылар тұлғасының және ұжымының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу рәсімімен практикалық танысуға, сабаққа (тәрбие іс-шарасына) психологиялық-педагогикалық талдау жүргізу қабілетін қалыптастыруға бағытталған.

Психологиялық-педагогикалық практиканың мақсаты студенттерде білім беру процесін ұйымдастыру және оның жүзеге асуы туралы, психологиялық-педагогикалық қызмет, тұлғаның жеке дамуындағы және білім алушылар ұжымын оқыту мен тәрбиелеуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу туралы тұтас түсінікті, зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық практикадан өту қорытындылары бойынша оқыту нәтижелері:

психологиялық бақылау құрылымының негізгі ерекшеліктерін, мұғалімнің педагогикалық процесс субъектілерімен өзара әрекеттесу тәсілдерін білу;

ұжымды және жекелеген білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық зерделеуді жүргізу;

оқу-тәрбие процесін дидактикалық, психологиялық аспектілерде талдау және жоспарлау;

сынып жетекшісінің көмекшісі ретінде/куратор сыныпта тәрбие жұмысын жобалау, ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерін бағалау, оның кері байланысын жүзеге асыру;

білім алушылардың жетістіктерін диагностикалаудың заманауи әдістерін қолдану;

білім алушылардың әлеуметтену және кәсіби өзін-өзі анықтау процестеріне педагогикалық қолдау көрсету;

ұжым мен білім алушының жеке басының психологиялық-педагогикалық мінездемесін құрастыру.

8.3.4 Студенттердің педагогикалық практикасы:

қоғамдық, психологиялық-педагогикалық және арнайы пәндерді оқу кезінде алынған теориялық білім мен практика арасындағы байланысты орнатуға;

студенттердің пән бойынша оқу, сыныптан тыс, тәрбие жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу бойынша практикалық біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға;

студенттердің білім беру ұйымында тиісті құжаттаманы орта білім берудің жаңартылған мазмұны талаптарына сәйкес рәсімдеу, қашықтықтан оқыту форматында сабақтар өткізу қабілетін қалыптастыруға бағытталған.

Педагогикалық практика студенттерге диагностикалық қызметті жүзеге асыруға, мектепке бейімделуге, коммуникативті мәдениетті қалыптастыруға, ұйымдастырушылық дағдыларды, педагогикалық қарым-қатынас тактикасы мен стратегиясын дамытуға мүмкіндік береді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 17-ші беті

Педагогикалық практиканың мақсаты болашақ педагогтарда оқу-тәрбие процесін жобалау, ұйымдастыру, іске асыру және кері байланыс жүргізудің практикалық дағдыларын дамыту, кәсіби-педагогикалық бағытты қалыптастыру болып табылады.

Педагогикалық практикадан өту қорытындысы бойынша оқыту нәтижелері:

білім беру ұйымдарында пән бойынша жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқу, сыныптан тыс, тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктерін түсіну;

педагогтің қызметін қайта жаңғырту: педагогикалық практика жағдайында сабақтарда білім алушылардың өзіндік, сараланған, жеке жұмысын ұйымдастыру бойынша; білім алушылардың күтілетін оқу жетістіктерін критериалды бағалау бойынша; коллаборативті оқытуды ұйымдастыру, оқытудың коллаборативті ортасын құру бойынша;

жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагог-пән мұғалімі ретінде қызметті жүзеге асыру;

нақты білім беру бағдарламасының заманауи міндеттерін шешуге бағытталған білім беру процесін жобалау;

оқу-тәрбие процесіне педагогика, психология және жеке әдістемелер бойынша кіріктірілген білімді енгізу;

педагогикалық қызмет нәтижелерін болжау;

заманауи ақпараттық ресурстар мен технологияларды пайдалана отырып дидактикалық материалдар әзірлеу;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу;

өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби-тұлғалық тұрғыдан өз-өзін дамыту бағдарламаларын түзету;

қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру;

педагог тұлғасының педагогикалық қабілеттерін (экспрессивті-сөйлеу, дидактикалық, суггестикалық, перцептивті), сондай-ақ кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту;

білім алушылармен кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру.

8.3.5 Бітіруші курс студенттерінің өндірістік-педагогикалық практикасы: жаңартылған білім беру мазмұны аясында студенттерді практикалық педагогикалық қызметке кешенді қосуға;

оқу сабақтарын өз бетінше өткізу, талдау, бағалау/өзін-өзі бағалау және өзара бағалау бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыруға;

практикалық қызметте оқытудың заманауи стратегияларын (сыни ойлау, функционалдық сауаттылық, критериалды бағалау, коллаборативті оқыту), инновациялық білім және қашықтықтан оқыту технологияларын қолдануға;

дипломдық жұмысының (жобасының) таңдалған тақырыбына сәйкес психологиялық-педагогикалық зерттеуді іс жүзінде орындауға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда практикалық дағдыларды іске асыруға бағытталған.

Өндірістік-педагогикалық практиканың мақсаты нақты қызмет жағдайында кәсіби позицияны сынау болып табылады: оқу-тәрбие процесі мен білім беру ортасын жобалау, іске асыру және бағалау саласында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру. Кәсіптік қызмет саласында құзыреттіліктерді қалыптастыруды білім беру ұйымдарында оқытушылық қызметтің практикалық біліктері мен дағдыларын, сондай-ақ дербес кәсіптік қызмет тәжірибесін алу.

Өндірістік-педагогикалық практикадан өту қорытындылары бойынша оқыту нәтижелері:

Оқытудың инновациялық тәсілдері мен оқытудың заманауи стратегияларын (сыни ойлау, функционалдық сауаттылық, критериалды бағалау, коллаборативті оқыту), инновациялық білім беру технологияларын (тұлғаға бағытталған, диалогтық, акт, смарт және

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 18-ші беті

STEM-оқыту және т.б.) электрондық, ақпараттық және цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып қолдану;

білім берудегі менеджер қызметін атқару (жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация және ынталандыру, педагогикалық қызмет нәтижелерін бақылау және бағалау);

оқытудың стратегиялары мен жоспарын әзірлеу, оқытудың заманауи технологияларын таңдау және пайдалану, оқу материалын ұсынудың жүйелілігін қамтамасыз ету, сабақтардың ұтымды құрылымы мен мазмұнын құру, оқыту бағдарламаларын бағалау және жетілдіру;

«BilimClass» электронды сынып журналымен, білім алушылардың күнделіктерімен жұмыс істеудің практикалық дағдыларының болуы;

бөлім үшін жиынтық бағалауды (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалауды (ТЖБ) өткізу, цифрлық білім беру ресурстарын (ЦБР) пайдалану, сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын дайындау әдістемесін меңгеру;

жалпы адамзаттық дәстүрлі құндылықтар негізінде тәрбие іс-шараларын өткізу;

білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру;

зерттеу мәдениетін қалыптастыру және білім алушылармен жобалық іс-әрекет дағдыларын дамыту;

заңнамалық, нормативтік-құқықтық және ғылыми-әдістемелік құжаттарды талдау және практикада қолдану;

білім беру процесінің барлық қатысушыларымен (оқушылар, әріптестер және ата-аналар) кәсіби қарым-қатынас жасау біліктерін қалыптастыру;

өзін-өзі адекватты бағалауға, кәсіби кері байланыс қалыптастыруға және дамытуға жағдай жасау;

мұғалімнің табысты кәсіби қызметінің құндылықтық және мотивациялық бағыттарын қалыптастыру.

8.4 Педагогикалық практика бағдарламаларының мазмұнын анықтаудың жалпы принциптері

8.4.1 Практиканың бағдарламаларын және оқыту нәтижелерін жобалау кезінде педагогикалық практиканың келесі қызметтері ескеріледі: оқыту, тәрбие, оқу-зерттеу, кәсіптік бағдарлау.

Оқыту функциясы пән бойынша педагогикалық процесті белсенді бақылау мен талдауға бағытталған іс-шаралар кешені; өзінің пәндік саласының сабақтарын жоспарлау және өткізу; өткізілген сабағына өзінің талдауы; студент-машықкерлер жүзеге асыратын педагогикалық процесті топтық талдауға қатысу арқылы көрсетіледі. Практика бағдарламасының мазмұнында көптілді оқытуды жүзеге асыратын ББ-ны ескеру мен пәндік бағдарлы тілдік оқытуды (CLIL) пайдалану ұсынылады. Оқушылардың тілдік дайындық деңгейіне байланысты сабақтар ағылшын тілінің элементтерін қолдана отырып, толығымен ағылшын тілінде де өткізілуі мүмкін.

Тәрбие функциясы білім алушылар ұжымымен жұмыс жасауда тәрбие процесін ұйымдастырушыға (сынып жетекшісіне, тәрбиешіге, кураторға) көмек көрсетумен; тәрбие іс-шараларына қатысумен және талдаумен; сынып/мектептің тәрбие жұмысының перспективтік жоспары негізінде тәрбие іс-шараларын өз бетінше өткізумен байланысты.

Оқу-зерттеу міндеті білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, олардың ұжымдағы өзара қарым-қатынасын анықтау, мінездеме жасау, диагностикалау және дамыту мен тәрбиелеуді жобалау мақсатында ұжымды және жекелеген білім алушыларды зерделеумен байланысты оқу-зерттеу жұмысын жүргізу; пән бойынша бір немесе бірнеше сабақтарға психологиялық талдау жүргізу; педагогикалық құжаттаманы жүргізу (машықкердің күнделігі, портфолиосы, қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарлау, тәрбие іс-шараларының жоспар-конспектілері); электрондық журналды толтыру, дәптерлерді тексеру арқылы жүзеге асады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 19-ші беті

Жоғарғы курстарда педагогикалық практиканы ұйымдастыру кезінде оқушыларымен ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру ұсынылады, оның мақсаты - өз бетінше зерттеу жүргізу, жобаларды, мақалаларды жазудың академиялық дағдыларын қалыптастыру.

Кәсіптік бағдарлау функциясы студенттердің белгілі бір қызмет түрлеріне тұрақты қызығушылығын қалыптастыру және болашақ кәсібін таңдауда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету арқылы жүзеге асырылады.

8.5 Педагогикалық практика базасы ретінде ұйымды анықтау және оларды іріктеу өлшемшарттары

8.5.1 Педагогтарды даярлаудың білім беру бағдарламалары бойынша практика базалары ретінде мынандай өлшемшарттарға сәйкес келетін мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары айқындалады:

жарғылық қызмет кадрларды даярлау бейініне және білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес келуі;

білім беру ұйымының кемінде үш жыл жұмыс істеуі (жаңа инновациялық мектептерді қоспағанда);

білім алушылардың физикалық, зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ететін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар білім алушылар үшін оңтайлы жағдайлардың болуы;

білім беру ұйымында жоғары және бірінші санаттағы педагогтардың, педагог-модераторлардың, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің болуы және олардың үлесі жалпы санынан кемінде 25%-ды құрауы керек;

болашақ бакалаврларды даярлаудың сапалы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында практикаға жалпы жетекшілік ету міндеті жүктелуі мүмкін лауазымды тұлғаның штатта болуы;

практика базасында ағылшын тілінде оқытатын сыныптардың болуы (университетте көптілді топтар болған жағдайда);

кәсіби дайындық деңгейі жоғары педагогтардың; коммуникативтік дағдылары мен қарым-қатынас икемділігі дамыған, жұмысында тұрақты нәтижелері бар және кәсіби тәжірибесімен бөлісуге дайын өзінің пәндік саласындағы сарапшылардың; педагогикалық қызмет өтілі кемінде 3 жыл болған педагогтардың болуы, олар менторлар (тәлімгерлер) ретінде айқындалады;

мұғалімдер арасындағы кәсіби педагогикалық конкурстардың жеңімпаздарының және/немесе лауреаттарының және/немесе қалалық, облыстық, республикалық пәндік олимпиадалар жүлдегерлерінің жетекшілерінің болуы.

8.5.2 Кәсіптік практика базасы ретінде анықталған ұйыммен кәсіптік практиканы өткізу туралы кемінде 1 жылға екі жақты келісім-шарт жасалады. Практикадан өту бойынша қысқа мерзімді жеке келісім-шарттар және үшжақты келісім шарттар жасауға да жол беріледі.

Студенттердің кәсіптік практика базаларымен келісім-шарт практика басталғанға дейін бір айдан кешіктірілмей жасалады. Келісім-шартта кәсіптік практика базасы болып табылатын оқу орнының, білім беру ұйымының және студенттердің міндеттері мен жауапкершілігі анықталады.

8.5.3 Практика базасын анықтауды және студенттерді бөлуді кафедра / ББ жүзеге асырады.

8.5.4 Практика базасынан жетекші болып ментор (тәлімгер) тағайындалады. Ментор (тәлімгер) - бұл пән мұғалімі, сынып жетекшісі, тәрбиеші, куратор, тьютор.

Практика базасынан бөлінген менторға (тәлімгерге) мына талаптар қойылады: педагогикалық еңбек өтілі үш жылдан кем емес;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-025-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 20-ші беті

жас педагогтың тәлімгері және/немесе магистр дипломының және/немесе «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санатының болуы және/немесе мұғалімдер арасындағы кәсіби педагогикалық конкурстардың жеңімпазы және/немесе лауреаты және/немесе облыстық, республикалық пәндік олимпиадалар жүлдегерлерінің жетекшілері.

Білім беру ұйымынан бөлінген әрбір менторға (тәлімгерге) ұсынылатын машықкер-студенттер саны практика түріне байланысты - 5-10 адам.

8.5.5 Университеттен бөлінген практика жетекшісіне мына талаптарды қойылады:

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде, жалпы орта білім беретін мектептерде, колледжде практика бейініне сәйкес кемінде күнтізбелік бір жыл/оқу жылы практикалық тәжірибесінің болуы және/немесе университетте кемінде 5 жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесінің болуы және/немесе оқыту әдістемесі бойынша пәнді жүргізуі;

оқыту мен тірбиелеудегі инновациялық тәсілдерді зерделеу бойынша сертификатының болуы.

8.5.6 Практика базасында пән бойынша сабақтарды өткізу үшін параллельдерді /сыныптарды бөлу кезінде әртүрлі жастағы оқушылармен оқу-тәрбие процесін құру дағдыларын дамыту мақсатында тәжірибеден өтушілерді әртүрлі буындарға/ сыныптарға жіберілуі мүмкін.

8.6 Практика нәтижелерін бағалау және практиканттардың қатысуына мониторинг жүргізу

8.6.1 Студенттердің практикаға қатысуын күнделікті мониторингтеу және университеттің ААЖ-де практика бағдарламасының орындалуын бағалау мақсатында электронды портфолио және/немесе электронды практика күнделігі әзірленеді.

8.6.2 Университеттен бөлінген практика жетекшісі апта сайын студенттің өндірістік практика бағдарламасына қатысуы мен оны орындауын қадағалап, университеттің ААЖ-де жиынтық бағасын (0-100 балл) қояды.

8.6.3 Практиканың барлық түрлерінің нәтижелері бойынша студенттер тиісті кафедраға/ББ-ға есеп береді, оны практика жетекшісі тексереді және бағалайды.

8.6.4 Практика бойынша бағалау ментордың (тәлімгердің) және университеттен бөлінген практика жетекшісінің бағалауынан құралады.

Есепті қорғау нәтижелері белгіленген балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша дифференциалды есеп ретінде бағаланады, қорытынды конференцияда жарияланып, студенттердің транскриптіне енгізіледі.

8.6.5 Теориялық оқудан қол үзіп (үздікті) практикадан өту кезінде машықкер күніне кемінде 6 сағат практика базасында болуы міндетті.

8.6.6 Педагогикалық практиканың нәтижелерін бағалау өлшемшарттары практика бағдарламасында көрсетіледі. Өлшемшарттарды әзірлеу кезінде практика түрлерінде осы ережеде анықталған оқу нәтижелерін ұстану ұсынылады, сонымен қатар келесіні ескеру қажет:

ұлттық біліктілік талаптарына сәйкес келетін негізгі педагогикалық құзыреттіліктерді меңгеру;

кәсіптік білім, іскерлік пен дағдыны меңгеруге және жетілдіруге ұмтылу;

практика базасының іс-шараларына практика бағдарламасынан тыс белсенді қатысу (практика кезіндегі қосымша еріктілер қызметі, мысалы, үлгерімі нашар оқушылармен қосымша сабақ өткізу);

дербестік, кәсіби қызметті ұйымдастыруға шығармашылық көзқарас;

практика қорытындысы бойынша студентті жұмысқа алу ниеті туралы практика базасының қолдауы.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-025-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 21-ші беті

8.7 Студент-практиканттардың құжаттамасы

8.7.1 Студент-практикантта келесі құжаттар пакеті болады: практика бойынша электронды күнделік (күнделік практика аяқталғаннан кейін 3 жыл бойы сақталады); студенттің жұмыс жоспар-кестесі; практика нәтижелері бойынша есеп беру формасы; портфолио (қағаз және/немесе электрондық форматта болу керек, ол практика түрі мен мазмұнына байланысты). Портфолионың негізгі құрамдас бөліктері - білім беру ұйымы туралы мәліметтер, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар үлгісі, сыныптан және мектептен тыс жұмыстардың жоспарлары, сабақты талдау сызбалары және т.б.

Ескерту: практика күнделігіне студенттің жұмыс жоспар-кестесін, практика нәтижелері туралы есеп формасын енгізуге болады.

9. ДИПЛОМАЛДЫ ПРАКТИКАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

9.1 Бітіруші курс білім алушыларына білім беру бағдарламалары бойынша дипломалды практика ұйымдастырылады, оның мазмұны дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбымен анықталады. Өндірістік практика кезінде білім алушы кәсіпорынның өндірістік (мамандандырылған) қызметі туралы, ғылыми-зерттеу институтының, мекеменің, ұйымның, мектептің қызметтері туралы нақты материалдар жинайды және сол мәліметтерді диплом алды практика кезінде диплом жұмысын (жобасын) жазуда пайдаланады.

9.2 Диплом жұмысын жазудан босатылған білім алушы дипломалды практика мерзімінде өндірістік практикасын жалғастырады және тапсыратын кешенді емтихандардың материалдарымен танысып, кешенді емтиханға дайындалады. Дипломалды практиканың есебіне өндірістік практикасын жалғастырған кездегі жоспарға сәйкес орындаған тапсырмалары бойынша есептерін қорғайды және бағаланады.

10. КӘСІПТІК ПРАКТИКА БАРЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

10.1 Кәсіптік практиканы қорытынды бақылау түрі негізгі оқу жоспарда және жұмыс оқу жоспарына сәйкес есеп - дифференциалдық сынақ түрінде қабылданады. Кәсіптік практикасының есебінде білім алушылардың орындаған нақты жұмыстары туралы мәліметтер және кәсіпорын (цехтар, бөлімдер, зертханалар т.б.) мен ұйым туралы, оның қызметі, экономикасы, еңбек қорғау мәселелері туралы баяндау, ұсыныстар мен қорытындылар жазылуы керек. Есеп беру үшін білім алушыға практика соңында уақыт беріледі және бағдарламада көрсетіледі.

10.2 Кәсіптік практикадан өткен білім алушылары кәсіптік практиканың әр түрінің қорытындылары бойынша тиісті кафедраға практика жетекшісі тексеретін және комиссияның алдында қорғалатын есепті ұсынады. Комиссия құрамына практика өткізілетін курсты жүргізетін оқытушы, университет тарапынан практикаға жауапты тұлға, факультет

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 22-ші беті

кафедраларына қарасты бағдарламалардан тағайындалған және мүмкіндігінше кәсіпорын тарапынан тағайындалған практика жетекшілерінен құрылады.

Есепті қорғау нәтижелері кәсіптік практика бағдарламаларына сәйкес бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша сараланған (дифференциалды) сынақпен бағаланады.

Практика бойынша бір жетекшіні тағайындау кезінде (әдетте оқу, оқу-таныстыру, далалық және т.б.) баға көрсетілген білімге ұсынылған есепті қорғау қорытындылары бойынша қойылады.

Практика бойынша екі жетекшіні тағайындау кезінде практика базасынан жетекшісінің үлес салмағы қорытынды бағалауда практика бағдарламасында көрсетілген мөлшерде, білім алушының практика есебін қорғау нәтижелерінде ескеріле отырып қорытынды баға қойылады.

10.3 Кәсіптік практиканың қорытындысы кафедрада талқыланады. Практиканың жалпы қорытындысы мүмкіндігінше практика базасы өкілдерінің қатысуымен факультет деңгейінде өткізіледі.

Педагогикалық практиканың (бакалавриатта) жалпы қорытындысына міндетті түрде практика базасының өкілі қатысуымен кафедра деңгейінде өткізіледі.

10.4 Кәсіптік практика бағдарламасын орындамаған, жұмысы туралы теріс пікір немесе есебін қорғағанда «F-қанағаттанарлықсыз» баға алған білім алушы практикадан қайта өтеді. Қайта өту тәртібі университетте қабылданған ереже бойынша жүзеге асады және практиканың есебі қорғау кезінде алған бағалық, балдық, рейтингтік жүйемен қайта бағаланады.

10.5 Университет шетелдік ұйымдармен ынтымақтастық туралы келісімдер жасайды, білім алушылар, оқытушылар мен зерттеушілер халықаралық алмасу бағдарламаларына қатысады, тиісті мемлекеттік органмен келісім бойынша білім беру саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) кіреді.

10.6 Білім алушылардың кәсіптік практика бойынша дайындаған және қорғалған есептері кафедрада 3 жыл бойы (қағаз және/немесе электрондық форматта) сақталады.

11. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ

11.1 Білім алушылардың міндеттері:

1) кәсіптік практика бағдарламасында қарастырылған тапсырмаларды толығымен орындау, практика күнделігін жүргізу;

2) кәсіпорында, ғылыми-зерттеу ұйымында, мекемеде, ұйымда, мектепте қалыптасқан ішкі тәртіп ережелеріне бағыну;

4) тиімді ұсыныс жасау, өнертапқыштық, операция жасау жұмыстарына тиісті кафедралардың тапсырмаларымен қатысу;

5) барлық тапсырмалардың орындалғаны жайында кәсіпорын жағынан тағайындалған жетекшісі қол қойған күнделігін және жазбаша есебін университет тарапынан тағайындалған жетекшісіне ұсыну.

11.2 Білім алушының құқығы:

1) кәсіптік практика бағдарламасында қарастырылмаған жұмыстарға қатыспауға;

2) бос жұмыс орны болған жағдайда білім беру бағдарламасы саласына сай ақы төленетін жұмысқа қабылдануға құқығы бар.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-025-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 23-ші беті

12. ЖАУАПКЕРШІЛІК

12.1 Кәсіптік практиканы өткізу мен ұйымдастыруға келісім-шарттарда көрсетілген тараптар жауап береді.

12.2 Кәсіптік практикадан өтіп жатқан білім алушылар жазымға ұшыраған жағдайда келісім-шартта көрсетілген тараптар жауап береді.

12.3 Кәсіптік практикадан өтпеген немесе бағдарламаны орындамаған білім алушы үшін негізсіз бұрмаланған ақпарат берілген жағдайда практика жетекшісі мен кафедра меңгерушісі және педагогикалық практикада (бакалавриатта) жалпы білім беру ұйымының басшылары да жауапты болып табылады.

13. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

13.1 Осы университет ережесі Оқу-әдістемелік комитетте талқыланады және Сенат мәжілісінде бекітіледі.

13.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі жауапкершілігі Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығына және Академиялық мәселелер департаментіне жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға, келесі адресстер бойынша жіберіледі: Факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

13.3 Осы университет ережесінің бақылау данасы СРСО-ға сақтауға беріледі.

14 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

14.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

14.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу қағазында» (Қосымша В) тіркелуі тиіс.

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер вице-ректоры

 Э. Идрисова

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры

 Мустафа Нұрсой

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

 А. Ошибаева

Түркістан облысы білім басқармасының Білім беруді дамыту орталығы директоры

 Б. Төлімбет

Заң бөлімінің басшысы

 Г. Мусаханов

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 24-ші беті

1-қосымша

Ф-ОБ-001/210

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
білім алушыларын оқу, өндірістік, дипломалды, зерттеу практикаларынан өткізу
туралы**

КЕЛІСІМ-ШАРТ № _____

Түркістан қаласы

«___» _____ **202__** жыл

Бір жағынан Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін Университет президенті _____ бұдан былай «Университет» және екінші жағынан мекеме мен басшысы бірлесе «Тараптар» деп аталып төмендегідей өзара келісім-шартқа отырды:

1. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Университет оқу үрдісі барысында алған білімдерін бекіттіру, тәжірибелік дағдылар мен озық тәжірибені игерту мақсатына бағытталған **оқу, өндірістік, диплом алды, зерттеу** практикаларынан өтуге білім алушыны ары қарай Келісім-шарт мәтіні бойынша жібереді, ал мекеме қабылдайды.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Университеттің міндеттері:

- 2.1.1. Практиканың басталуынан екі ай бұрын практикадан өту бағдарламасы мен күнтізбелік кестесін мекемеге беруге;
- 2.1.2. Оқу жылына бекітілген академиялық күнтізбе бойынша практиканың басталу мерзіміне сәйкес білім алушыны мекемеге жіберуге;
- 2.1.3. Университет тарапынан әдістемелік көмек көрсетуге;
- 2.1.4. Тікелей мекемеде практиканың өтуін бақылау жасауға міндетті.

2.2. Университет құқығы бар:

- 2.2.1. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес даярлау бағыты (білім беру бағдарламалары) бойынша оқу жылына бекітілген академиялық күнтізбеде көрсетілген мерзімде практикадан өту үшін **оқу, өндірістік, дипломалды, зерттеу** практикадан өтуші білім алушыны мекемеге жіберуге;
- 2.2.2. Мемлекеттік білім беру стандарты практика бағдарламасына және талаптарына сәйкес практикадан өткізуге жетекшілік жасауға;
- 2.2.3. Практика мерзімі біткенге дейін білім алушының жұмыс сапасы мен қатысуы туралы ақпаратты алуға құқылы.

2.3. Мекеменің міндеттері:

- 2.3.1. Білім алушыны осы келісім-шарттың 2-тармағында аталған шарттар мен тәртібі бойынша қабылдауға;
- 2.3.2. Білім алушыны практикадан өту кезеңінде жетекшілік жасау үшін тиісті біліктілігі мен еңбек өтілі бар мамандармен қамтамасыз етуге;
- 2.3.3. Білім алушыға коммерциялық құпия болып табылмайтын әдебиеттер және басқа да құжаттар мен құрал-жабдықтарды пайдалануға мүмкіндік беруге;
- 2.3.4. Білім алушыларды қауіпсіз және еңбек жағдайының санитарлық-гигиеналық талаптарына сай жағдаймен қамтамасыз етуге;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 25-ші беті

2.3.5. Білім алушының практикадан өту кезінде еңбек уақытын есепке алуды қамтамасыз етуге;

2.3.6. Практикадан өту кезеңінде білім алушыны жұмыс орнымен, қажетті құрал-жабдықпен, қажет болған жағдайда арнайы киіммен қамтамасыз етуге;

2.3.7. Практикадан өту үшін қауіпсіз жағдай жасау, қауіпсіздік техникасы бойынша қажетті нұсқаулық өткізуге;

2.3.8. Білім алушының білім беру бағдарламасына қатысты емес, сонымен бірге бағдарламада қарастырылмаған жұмыстарды орындауына жол бермеуге;

2.3.9. Практика аяқталған соң, әрбір практикадан өтуші білім алушының орындаған жұмысына мерзімі көрсетіліп, дайындаған есебі бағаланып мінездеме беруге міндетті.

2.3.10. Мекеме білім алушы практика мерзімі басталған уақыттан негізсіз үш күн кешіккен жағдайда растайтын құжаттарды ұсынуға жазбаша түрде университетке хабар беруге;

2.3.11. Мекеме білім алушы практика мерзімі көрсетілген уақытта техника қауіпсіздігін, еңбекті қорғау ережелерін, ішкі тәртіпті бұзса жазбаша түрде университетке хабар беруге;

2.4. Білім алушының практикадан өту кезеңіндегі міндеттері:

2.4.1. **Оқу, өндірістік, дипломалды, зерттеу** практикаларының бағдарламасын толық орындауға;

2.4.2. Мекеменің қолданысындағы еңбек және ішкі тәртіп ережелеріне бағынуға;

2.4.3. Өндірістік тазалық пен техника қауіпсіздігін, еңбекті қорғау ережелерін білу және қатаң сақтауға;

2.4.4. **Оқу, өндірістік, дипломалды, зерттеу** практикаларының жетекшісіне бекітілген үлгі бойынша барлық тапсырмалардың орындалуы туралы жазбаша түрде есепті практика базасының жетекшісі растап, қол қойған күнделікті өткізуге міндетті.

3. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ МЕРЗІМІ

3.1. Осы Келісім-шарт Тараптар қол қойып, тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және «__» _____ 202__ жылға дейін қолданыста болады.

4. ТАРАПТАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Шарт талаптарын орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайларды Тараптар шартта көрсетілген ҚР Заңына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

5. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

5.1. Осы келісім-шарт 2 данада жасалады, әрқайсысы заңдық күшке ие, Тараптарға бір-бірден беріледі.

5.2. Осы келісім-шартта көрсетілген барлық мәселелер бойынша тараптардың толық келісімін көрсетеді.

5.3. Осы келісім-шарттан туындаған даулар мен шағымдарды Тараптар келіссөздер арқылы шешеді.

5.4. Келіссөздер арқылы келісу мүмкін болмаған жағдайда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

5.5. Егер келісім-шарттың қандай да бір ережесі өз күшін жойып, заңсыз жарамсыз болып келсе немесе қандай да бір себептермен орындала алмайтын болса, келісім-шарттың басқа ережелерінің жарамдылығы немесе заңдылығына әсер етпеуі тиіс. Бұндай жағдайларда тараптар жарамсыз ережелерді заңды күші бар ережелермен ауыстыра алады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 26-ші беті

5.6. Келісім-шартта нақты көрсетілмеген барлық қалған жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңнамасын басшылыққа алады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ МЕН БАНКТІК РЕКВИЗИТТЕРІ

Университет
161200, Түркістан қаласы,
Б.Саттарханов даңғ., 29

ИИК KZ436010291000010707
БИК HSBKZZKX
Қазақстан Халық банкі АҚ
Кбе 16, БИН 990440008043
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-ң
ректоры

МО

Мекеме
010000, Астана қ. Сауран көшесі, 7Б, ЖО-1
«Астана-АЭК» АҚ Басқарма төрағасының
Өндіріс және өткізім жөніндегі бірінші
орынбасары _____
РНН _____
Кбе _____ БИН _____
ИИН _____

(Басшының қолы)

МО

Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен
байланыс орталығының басшысы

Заң бөлімінің басшысы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-025-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 27-ші беті

2-қосымша

Ф-ОБ-001/210-1

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
білім алушыларын педагогикалық практикадан өткізу туралы
КЕЛІСІМ-ШАРТ № _____**

Түркістан қаласы

«__» _____ 202__ жыл

Бір жағынан Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін Университет президенті _____ бұдан былай «Университет» және екінші жағынан _____ басшысы _____ бірлесе «Тараптар» деп аталып төмендегідей өзара келісім-шартқа отырды:

1. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Университет оқу үрдісі барысында алған білімдерін бекіттіру, тәжірибелік дағдылар мен озық тәжірибені игерту мақсатына бағытталған **педагогикалық** практикадан өтуге білім алушыны ары қарай Келісім-шарт мәтіні бойынша жібереді, ал мекеме қабылдайды.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Университеттің міндеттері:

- 2.1.1. Практиканың басталуынан екі ай бұрын практикадан өту бағдарламасы мен күнтізбелік кестесін мекемеге беруге;
- 2.1.2. Оқу жылына бекітілген академиялық күнтізбе бойынша практиканың басталу мерзіміне сәйкес білім алушыны мекемеге жіберуге;
- 2.1.3. Университет тарапынан әдістемелік көмек көрсетуге;
- 2.1.4. Тікелей мекемеде практиканың өтуін бақылау жасауға міндетті.

2.2. Университет құқығы бар:

- 2.2.1. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес білім беру бағдарламалары бойынша оқу жылына бекітілген академиялық күнтізбеде көрсетілген мерзімде практикадан өту үшін **педагогикалық** практикадан өтуші білім алушыны мекемеге жіберуге;
- 2.2.2. Мемлекеттік білім беру стандарты практика бағдарламасына және талаптарына сәйкес практикадан өткізуге жетекшілік жасауға;
- 2.2.3. Практика мерзімі біткенге дейін білім алушының жұмыс сапасы мен қатысуы туралы ақпаратты алуға құқылы.

2.3. Мекеменің міндеттері:

- 2.3.1. Білім алушыны осы келісім-шарттың 2-тармағында аталған шарттар мен тәртібі бойынша қабылдауға;
- 2.3.2. Білім алушыны практикадан өту кезеңінде жетекшілік жасау үшін тиісті біліктілігі мен еңбек өтілі бар мамандармен қамтамасыз етуге;
- 2.3.3. Білім алушыға коммерциялық құпия болып табылмайтын әдебиеттер және басқа да құжаттар мен құрал-жабдықтарды пайдалануға мүмкіндік беруге;
- 2.3.4. Білім алушыларды қауіпсіз және еңбек жағдайының санитарлық-гигиеналық талаптарына сай жағдаймен қамтамасыз етуге;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 28-ші беті

2.3.5. Білім алушының практикадан өту кезінде еңбек уақытын есепке алуды қамтамасыз етуге;

2.3.6. Практикадан өту кезеңінде білім алушыны жұмыс орнымен, қажетті құрал-жабдықпен, қажет болған жағдайда арнайы киіммен қамтамасыз етуге;

2.3.7. Практикадан өту үшін қауіпсіз жағдай жасау, қауіпсіздік техникасы бойынша қажетті нұсқаулық өткізуге;

2.3.8. Білім алушының білім бері бағдарламасына қатысты емес, сонымен бірге бағдарламада қарастырылмаған жұмыстарды орындауына жол бермеуге;

2.3.9. Практика аяқталған соң, әрбір практикадан өтуші білім алушының орындаған жұмысына мерзімі көрсетіліп, дайындаған есебі бағаланып мінездеме беруге міндетті.

2.3.10. Мекеме білім алушы практика мерзімі басталған уақыттан негізсіз үш күн кешіккен жағдайда растайтын құжаттарды ұсынуға жазбаша түрде университетке хабар беруге;

2.3.11. Мекеме білім алушы практика мерзімі көрсетілген уақытта техника қауіпсіздігін, еңбекті қорғау ережелерін, ішкі тәртіпті бұзса жазбаша түрде университетке хабар беруге;

2.4. Білім алушының практикадан өту кезеңіндегі міндеттері:

2.4.1. **Педагогикалық** практика бағдарламасын толық орындауға;

2.4.2. Мекеменің қолданысындағы еңбек және ішкі тәртіп ережелеріне бағынуға;

2.4.3. Өндірістік тазалық пен техника қауіпсіздігін, еңбекті қорғау ережелерін білу және қатаң сақтауға;

2.4.4. **Педагогикалық** практика жетекшісіне бекітілген үлгі бойынша барлық тапсырмалардың орындалуы туралы жазбаша түрде есепті практика базасының жетекшісі растап, қол қойған күнделікті өткізуге міндетті.

3. КЕЛІСІМ ШАРТ БОЙЫНША АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

3.1.1. Педагогикалық практика өткізілетін базасынан, білім беру ұйымдарынан университеттің білім алушыларына тағайындалған жетекшілерге практика өту мерзіміндегі атқарған жұмысы үшін еңбек ақысы университетте бекітілген сметаға сәйкес төленеді.

4. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ МЕРЗІМІ

4.1. Осы Келісім-шарт Тараптар қол қойып, тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және «__» _____ 202__ жылға дейін қолданыста болады.

5. ТАРАПТАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1. Шарт талаптарын орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайларды Тараптар шартта көрсетілген ҚР Заңына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

6. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

6.1. Осы келісім-шарт 2 данада жасалады, әрқайсысы заңдық күшке ие, Тараптарға бір-бірден беріледі.

6.2. Осы келісім-шартта көрсетілген барлық мәселелер бойынша тараптардың толық келісімін көрсетеді.

6.3. Осы келісім-шарттан туындаған даулар мен шағымдарды Тараптар келіссөздер арқылы шешеді.

6.4. Келіссөздер арқылы келісу мүмкін болмаған жағдайда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 29-ші беті

6.5. Егер келісім-шарттың қандай да бір ережесі өз күшін жойып, заңсыз жарамсыз болып келсе немесе қандай да бір себептермен орындала алмайтын болса, келісім-шарттың басқа ережелерінің жарамдылығы немесе заңдылығына әсер етпеуі тиіс. Бұндай жағдайларда тараптар жарамсыз ережелерді заңды күші бар ережелермен ауыстыра алады.

6.6. Келісім-шартта нақты көрсетілмеген барлық қалған жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңнамасын басшылыққа алады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ МЕН БАНКТІК РЕКВИЗИТТЕРІ

Университет

161200, Түркістан қаласы,
Б.Саттарханов даңғ., 29

ИИК KZ436010291000010707
БИК HSBKQZKX
Қазақстан Халық банкі АҚ
Кбе 16, БИН 990440008043
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-ң
ректоры

МО

Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен
байланыс орталығының басшысы

Заң бөлімінің басшысы

Мекеме

РНН _____
Кбе _____ БИН _____
ИИН _____

(Басшының қолы)
МО

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 30-ші беті

3-қосымша

Ф-ОБ-004/007

Шетелдік білім алушылар үшін

Штамп
(тіркеу нөмірі мен
уақыты көрсетілген)

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
президенті**

Қатынас хат

Сіз басқарып отырған университеттің _____
(ББ коды мен атауы)
Білім беру бағдарламасының _____ курс білім алушы
_____ -ны
(Білім алушының аты-жөні)
_____ - _____ 202_____ жыл аралығында _____
(практиканың басталуы мен аяқталуы мерзімі) (практиканың аты)
практиканы _____ -де өтуге жіберуіңізді сұранамыз.
(мекеменің аты)

Мекемеде, кәсіпорында, бала-бақшада, мектепте, колледжде
(қажеттісі алынады)
практика тапсырмаларын толық орындауға барлық мүмкіндіктер бар.

Практика бағдарламасының орындалуына, практика кезінде еңбек пен техника қауіпсіздігі ережелерін сақтауға кепілдік береміз.

Мекеме басшысы

М.О.

(Мекеме басшысының аты-жөні)

Тел.:

E-mail:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 31-ші беті

4-қосымша

Ф-ОБ-004/006-1

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жолдама

Өндірісте қалады

(негіздеме)

« _____ » _____ 202 _____ ж.

Білім алушы _____

аты-жөні, тегі

(кәсіпорнының атауы)

кәсіптік практикадан өту үшін жолданады

Практиканың басталу мерзімі « _____ » _____ 202 _____ ж.

Практиканың аяқталу мерзімі « _____ » _____ 202 _____ ж.

Факультет деканы _____

МО _____

(қолы)

Оқу орнына қайтарылады

Келу мен кету туралы белгі

Білім алушы _____

аты-жөні, тегі

кәсіптік практикадан өту үшін _____

(кәсіптік практиканың атауы)

Келді

Кетті

(кәсіпорынның атауы)

« _____ » _____ 202 _____ ж.

« _____ » _____ 202 _____ ж.

МО _____

(қолы)

МО _____

(қолы)

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 32-ші беті

5-қосымша

Ф-ОБ-004/006-2

<p align="center">«Бекітемін» Ахмет Ясауи университеті _____ факультет деканы</p>		<p align="center">«Келісілді» Кәсіптік практиканың жетекшісі _____ (ұйымның, кәсіпорынның, мекеменің)</p>	
_____	_____	_____	_____
(Аты-жөні, тегі)	(қолы)	Аты-жөні, тегі	
« _____ » _____ 202 _____ ж.		« _____ » _____ 202 _____ ж.	

Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар-кестесі

_____ білім беру бағдарламасы бойынша
Білім алушының _____ курс
_____ аты-жөні, тегі

_____ (оқу орнының атауы)

p/c №	Кәсіптік практиканың бағдарламасына сәйкес орындауға (оқытуға) жататын жұмыстар тізбесі	Кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау мерзімдері		Ескертпе
		басталуы	аяқталуы	
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				

Қолы _____
(оқу орнынан кәсіптік практиканың жетекшісі)

« _____ » _____ 202 _____ ж.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі		35 беттің 33-ші беті

б-қосымша

Ф-ОБ-004/006-3

Кәсіптік практикадан өтуі туралы күнделік-есеп

Білім алушы _____ аты-жөні, тегі _____

р/с №	Кәсіптік практиканың бағдарламасына сәйкес әр күн үшін орындалған (оқып болған) жұмыстардың атауы	Кәсіптік практиканың жеке тақырыптарының, жұмыстарының орындау мерзімдері		Өндірістен кәсіптік практика жетекшісінің қолы
		басталуы	аяқталуы	
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				

1. Оқып болған конструкциялардың, жабдақтардың, технологиялық процестердің, өндірістің механизациялау мен автоматтандырудың және еңбектің озық әдістерінің т.б. сипаттамасы

Білім алушының қолы _____

« _____ » _____ 202 _____ ж.

(кәсіптік практикасының тікелей жетекшісі)

« _____ » _____ 202 _____ ж.

2. Білім алушы практиканттың мадақтамалары мен жазалары

3. (Ұйымнан, кәсіпорыннан, мекемеден) кәсіптік практика жетекшісінің қорытындылары

(ұйымнан, кәсіпорыннан, мекемеден) кәсіптік практика жетекшісінің қолы _____

« _____ » _____ 202 _____ ж.

